

## **«Халыққа Адал Қызмет» (НАҚ) Манифесті**

Біз, еліміздің тағдырына алаңдаулы және белсенді азаматтық ұстанымымыз бар Қазақстанның бір топ азаматтары,

әділдік, жауапкершілік, теңдік және прогресс секілді адамзатқа ортақ құндылықтарды негізге ала отырып,

соңғы кездері қоғамымызға шындықтың, таңдаудың, болашақтың жетіспегендігін, селқостық пен амалсыздықтың күннен-күнге үдеп бара жатқандығын; отансүйгіштік және ұлттық мүдде ұғымдарының мәнінің жоғалып бара жатқандығын; тұрақтылық пен келешекке деген құқықтың монополияға ұшырағандығын сезініп;

### **«Халыққа Адал Қызмет» (НАҚ)**

#### **саяси партиясын құру бойынша бастамамызды мәлімдейміз**

2019 жылы өткен сайлау қоғамымыздың өзгеріске және биліктің халық мұңын естуіне зәру екенін айқын көрсетті.

Қоғам мен билік арасындағы диалогтың құнсызданғанын және қадірінің кеткенін көріп отырмыз. Биліктің бір беткей ұстанымы: «менікі ғана дұрыс, менімен келіспеген – маған қарсы деген сөз».

Қазақстандықтар әлеуметтік саты арқылы жоғарылау мүмкіндігінен айрылып отыр, сондықтан жемқор жүйенің талаптарына көнуге мәжбүр. Бұл шынайы таңдау емес және біз - бұл жолмен жүруді қаламаймыз! Біз ашық эволюциялық даму жолын таңдаймыз!

Біздің міндетіміз – сөзден іске көшу!

Биліктің барлық деңгейіне келгеннен соң біз мыналарды жүзеге асыруды көздеп отырмыз:

1. Авторитарлық жүйені ыдырату
2. Республиканы қайта қалпына келтіру

Республика дегеніміз – жалпыға бірдей мүмкіндіктер, таптық бөлінудің болмауы және Конституцияның үстемдігі.

Біз кіміз? Біз жаңа формацияның өкілдеріміз!

Біз – келешексіз қалу қаупі төніп тұрған адамдармыз. Біздің тек екі таңдауымыз ғана бар: я жарқын болашаққа қарай бет аламыз, я болмаса өзінің әлеуетті мүмкіндіктерінен айрылған мемлекетте өмір сүруді жалғастырамыз.

Қазақстанның өзін-өзі алдау батпағына басымен батып кетпеуі үшін тиісті шаралар қабылдауымыз қажет.

Біз, көзқарасымыздың, дініміздің және ұлтымыздың әр түрлі екеніне қарамастан, өз Отанымыздың иесі болуымыз керек. Түрлі пікірде болуымыз, саяси технологиялар мен бәсекелестік біздің аражігімізді ажыратпауы керек. Біз бір елдің азаматымыз, бір халықпыз, біздің ортақ өткеніміз бен болашағымыз бар. Жүйе ескі болғанымен, біздің ойымыз бен санамыз жаңарған!

Тоқырауды тоқтатып, тек дамуға қарай бет алуымыз керек!

Ескірген дүние өткенде қалуы тиіс. Жемқорлық, бір партияның монополиясы, көсемшілдік, көзбояушылық, жалған авторитетке табыну **ӨТКЕННІҢ** еншісінде!

Біздің жолымыз бұл – бәсекеге сай саясат, экономика, білім, мәдениет, ғылым. Біз үшін ең бастысы – адамның дамуы!

Біздің бағытымыз – еліміздің әрбір азаматына, олардың өз әлеуетін жүзеге асыруы және мемлекетіміз бен қоғам игілігі үшін әрекет етуіне шарт жасау.

Біздің жолымыз – өз халқы үшін жауапты тұлғалардың, сол халықтың үндеуін жоғарыға жеткізуге мүмкіндігінің болуы.

Біздің жолымыз бұл – өз елімізге деген мызғымас сенімді қайтару.

Біз бұл сенімді бірге қайтарамыз. Барлығымыздың да жанымыз жаңаруды қалайды.

Біз бірге жаңарамыз!

Алматы қ. 13.11.2019